

## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Б.Бекенова –

«Живопись» кафедрасының аға оқытушысы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеті бар. Қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің тәжірибесі, білімі, көркемдік пен сұлулыққа көзқарасы, рухани өмір байлығы бол табылатын бай тарихи археологиялық, этнографиялық, әдебиет және көркемөнер мұралары бар. Бұлар халықтың тарихи өмірімен, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыста өмір сүрген. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс-өмір салтында ұрпаққа көркемдік саласынан тәлім-тәрбие беру оның күнделікті өмірдің тыныс-тіршілігімен байланысты болған. Соның ішінде қолданбалы өнердің маңызы ерекше болған. Қазақ халқы жаратылысынан өнерге өте бай, әрі оған бейім болған. Өзінің көшпелі өміріне ыңғайлы етіп тұрмыстық заттарын әшекейлеуде, оларды көркемдік тұрғыдан ыңғайлы етіп жасауда ісмер болған. Эстетикалық талғам деңгейі жоғары болған. Күнделікті еңбек қызметінде қолданбалы, қолөнерін дамытып отырған. Сонымен қатар киім киісінде, жүріс-тұрысында, қонақ күтісінде, сый-сияпатында толып жатқан эстетика элементтері өз ұрпағын педагогика ғылымынсыз-ақ әдемілік пен әсемдікке баулуда тәрбие берудің тиісті құралына айналған. Сондықтан да қазақ халқында «Өнер көзі – халықта», «Шебердің қолы ортак» деген ақыл сөзі жоғарыда айтқандарымызға дәлел болмақ.

Балаларын ерте бастаң еңбекке, алуан түрлі өнер бұйымдарын жасауға баулыған қазақ жұрты көркемдікке, талғамдыққа, өнер мәдениетін игеруге, ұлттық асыл мұраларды көз карашығындаң сақтауға дағыландырған. «Өнерді үйрен де жирен» - деп халық айтқандай өнер атаулының көркемдік-танымдық маңызы зор, ол тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуде аса маңызды құрал болып табылады. «Ел боламын десен, бесігінді түзе» демекші, ұлттымыздың болашағы бүгінгі ұрпақты ұлттық мәдениет, адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу мәселелерінде көзден ұнемі таса етпеуіміз қажет. Адам сезімін тәрбиелеу мәселесі көпжакты факторлармен шешімін табады, соның ішінде өнер басты роль атқарады. Өнер арқылы адам өзінің шынайы көңіл-күйін білдіреді, өнердің өзінен үрене отырып, оның қын қурделі тілін түсіне білуге үмтүлады, рухани жан дүниесін эстетикалық талап тұрғысынан тәрбиелейді. Өнердің құндылығы сонда, ол адамның адамгершілік дамуына бағытталған. Нағыз әсем өнер ғана адам жанына рухани азық болады, адамның адамгершілік сезімін молайтады. Бүгінгі танда өскелен ұрпаққа қазақ қолөнер кәсіпшілігі де эстетикалық тәрбие беруде тиісті құралы болып отыр. Тұрмыстық заттар мен құралдарын әшекейлеуде қолөнер кәсібі, зергерлік өнер дамып, эстетикалық мәні бар өнер шығармаларына айналып отыр. Қазақтың қолданбалы өнері негізінен тұрмысты әшекейлеу үшін пайдаланғаны белгілі. Оның ішінде ең көп тараганы – ою-өрнек өнері. Ою-

өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнердің барлық түріне ортақ әсемдеп, әшекейлеудің негізі болып келеді. /1/

Қазақ ағартушылары Ш.Үәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар ою-өрнек тақырыбына арнайы еңбек жазбағанымен, өздерінің шығармаларында қазақ қолөнерін сөз еткен. Шоқан қазактың киіз үйінің құрылсы мен сөүлетіне, ондағы қолданылатын кейбір жиһаздар түріне толық анықтама береді. Сонымен қатар ол ою-өрнек өнері қазақ халқының өмірінде айрықша өнер екендігін, оның ерекшеліктері мен қыр-сырының молдығы қаншама білімдарлықты талап ететіндігін айтқан.

«Әр елдің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік пікірлесе алады, аса арсыздана жалынбайды» деп тіл мен өнерді Абай жоғары бағалаған. /2/ Ы.Алтынсарин қазақ халқының қолөнерін балалардың тәлім-тәрбиесімен тікелей ұштастырып, тұнғыш рет қолөнер мектептерін ашқан. Оның мектептерінде ер балалар үшін ағаш ұсталығы, былғары илеу, қыш, құмыра жасау өнерлері, ал қыздарға «қарапайым халықтың тұрмысына керекті киім тігу, киім пішу, шәлі тоқу, жіп шалу және қазақтардың қолында көп болатын жүн, қыл секілді материалдардан өрмек тоқу, киіз басу, бау және тақыр кілем тоқу сияқты жұмыстар» үйретілді./3/

Өнердің бастау бұлағы – сурет салу өнері. Тамыры тереңге кеткен өнер атаулы өзінің нәрін сурет өнерінен алады. Сондықтан сурет салуды үйрену – жас ұрпақтың танымдық ой-өрісінің кенеюіне, өнер әлемін тануына апарар жол бол табылады. Мектептегі эстетикалық тәрбие беру жұмыстары оку-тәрбие үрдістерімен өте тығыз байланыста жүзеге асады. Оқушылардың оқу әрекетінде эстетикалық тәрбиеге қатысты теориялық білімдер беріліп, түрлі шығармашылық жұмыстар атқарылады. Ол мақсатты және жоспарлы түрде іске асады. Әрбір пәннің эстетикалық бағыты, оку материалдарының мазмұны, сабактың жүйесіндегі қолданылатын эстетикалық құралдар, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ізгі қарым-қатынастар – бәрі оқушылардың эстетикалық сезімі мен талғамын, қабілетін шындауда жүйелі түрде қызмет етеді. Баланың эстетикалық сезімі ерте оянады. Мектеп жасына дейінгі кезенде ол сурет салуға, тақпак оқуға, өлең айтуға, билеуге құштар болады. Ендігі жерде мектептің алдында тұрған міндет, сол құштарлықты дамытып, эстетикалық тәрбие міндеттеріне сай әрбір оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, дамыту, өнерге қатысты талғамын қалыптастыру, оларға мүмкіншілік туғызу. Бұл бағыттағы оку жүйесінде эстетикалық пәндер жоғары қызмет атқарады. Олардың бірінің қатарына бейнелеу өнері жатады. Әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезініп, одан рухани ләззат алуға бағытталған бейнелеу өнері «Сурет», «Кескіндеме», «Композиция», «Мүсіндеу», «Өнертану», «Көркем еңбек» салалары бойынша жүргізіледі. Бейнелеу өнерінің ерекшелігі оқушылардың көркемдік тұрғыда ойлауын, шығармашылық елесін, киялын есте сактау қабілетін жетілдіруде ықпалы зор. /4/ Бейнелеу өнері сабактарының бірінде оқушылар ұлттық ою-өрнек түрлерімен танысады. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнерінің бай тарихы, терең мазмұны, сан

қылышекшеліктерімен балаларға эстетикалық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түседі. «Ою-өрнек» - (латынның ornament - әсемдеу, сәndeу деген сөзінен шыққан) үйлесімділікпен бір қалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар; әр түрлі заттарды (құрал-сайман, қару-жарақ, киім т.б.) архитектуралық құрылыштарды, пластикалық өнер шығармаларын (негізінен қолданбалы), т.б. сәndeу үшін қолданылады. Қазақ ұлттық ою-өрнек өнері – бейнелеу өнерінің, оның ішінде сәндік-қолданбалы өнерінің үлкен бір арнасы. Дейтұрганмен бейнелеу өнерінің тұпкі бастауы халықтың қолөнерінен өрбігендей, оған қоса қазақ халқының ою-өрнектері ежелден-ақ қолөнерінің өркендеуімен сәйкес дамығандықтан, ою-өрнек өнері – қолөнерінің негізгі саласы болып табылады.

Гұлама ғалым Ә.Х.Марғұланның «Қазақтар ою-өрнектер әлемінде өмір сүреді» дегеніндей, қазақ халқының рухани және әлеуметтік өмірінде маңызды роль атқаратын бұл өнер түрін жас ұрпақтың игермеуі де мүмкін емес. Академик Ә.Марғұлан қазақ халқының қолөнерінің бірнеше түрлерін археология, этнография тұрғысынан зерделеп, өте құнды мағлұматтар береді. Ою-өрнек өнеріне де аса мән беріп Пазырық корғанынан табылған қолөнер бұйымдарында бейнеленген ежелгі ою-өрнек нұсқаларын ғылыми тұрғыда саралайды. Сөз арасында әрбір ою-өрнекте жасырын жатқан образзың кезінде анық та белгілі болғанын айта келе, соңғы кезде ою-өрнек мотивтерінің бастапқы мағынасын ұмытып бара жатқанымызды еске сала, оның мән-мағынасын аша тұсу, болашақ зерттеушілердің міндеті екенін де ескерtedі. /5/

Қазақ ою-өрнегі - көркем бұйымдарды әшекейлеудің ең басты көркемдік элементі. Қазақтың ұлттық өрнегі – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және занды жалғасы. «Ою» деген сөз бен «өрнек» деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау, немесе екі затты оя кесіп қиуластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қып алған ұлғіні, ұлғіге салып кескен сырмақтың қығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де «ою» дейді. Ал «өрнек» - дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан «ою-өрнек» деп қосарланып айтыла береді. Ою-өрнектердің кейбір элементтеріне негізделген қысқа анықтамалар қатарында оның бірнеше ерекшеліктерін қамтуға тырысатын курделі ұғымдар да бар. Сондай-ақ олардың арасында дәлелдемені қажет ететін түсіндірулер де кездеседі. Мәселен, ою-өрнектердің бейнелеу мотивтеріне, жасалу тәсілдеріне қарай анықталған 6 анықтаманы алатын болсақ, анықтамада көрсетілген өнер тәсілдері (кескіндемелік, мұсіндік, графикалық) ою-өрнек өнерінің басты тәсілі еместігі өнертану ғылымынан аян. Бұлай анықтау қажет болғанда бірінші кезекте тоқымағын, зергерлік, бедерлік т.б. әсемдеулердің айтылғаны жөн болар еді. Ою-өрнектің құрылышы, қолдану мақсаты, бейнелеу

тақырыптары, символдық мағыналары, өзіне тән т.с.с. ерекшеліктері нактыланады. Осыларды танып-білу жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор. Атап айтқанда:

- білім береді – казақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи даму жолы, мазмұндық ерекшеліктер (мағыналық бояу түстеріне байланысты, басқа халықтардың өрнектерімен байланысты, өрнектеу әдістеріне байланысты т.б.) саласын менгертіп, ақыл-ойды жетілдіреді;
- тәрбиелейді – адамгершілік касиеттерді қалыптастырып, эстетикалық талғамды дамытады, еңбекке баулиды, дене бітімінің дұрыс жетілуіне ықпал етеді;
- дамытады - жеке тұлғаның рухани-интеллектуалдық эмоционалдық, тұлғалық сапасын дамытады, казақ ұлттық ою-өрнек өнері бойынша теориялық білімдерін жетілдіреді, практикада оларды еркін қолдануға дағыландырады, шығармашылық ізденіске талпындырады.

Олай болса біздің ойымызша «казақ ұлттық ою-өрнегі дегеніміз адам өміріне қажетті заттарды, бұйымдарды, архитектуралық құрылыштарды сәндеуде, халықтың тыныс-тіршілігін, қоршаған ортаға көзқарасын, одан алған эмоционалдық-эстетикалық әсерін және ой-арманын, тілек-мұддесін әсем талғамын өзара үйлесімділікте бейнелі жеткізуге ықпал ететін нақыштар». Қазақ ұлттық ою-өрнектері казақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің барлық түріне қатысады және әр түрінде әр түрлі өрнектеу әдістерімен ерекшеленеді. Біздің түсінігіміз бойынша «казақ ұлттық ою-өрнек өнері – казақ халқының сәндік-қолданбалы өнері салаларының барлық туындыларында кездесетін ою-өрнек түрлері мен өрнектеу әдістерінің жиынтығы». /6/

Қорыта айтқанда казақ ұлттық ою-өрнек өнерінің тарихи даму жолдарын зерттей отырып, өзіндік ерекшеліктеріне мазмұнды сипаттама беріп, оның өн бойына шоғырланған халықтың дүниетанымын, эстетикалық көзқарасын анықтап көрсетуге ықпал етеді. Осыған сәйкес бейнелеу өнері сабактарында окушыларды ою-өрнектің түрлерімен таныстырып, өз беттерімен ою-өрнек түрлерін салуға үйрету арқылы эстетикалық көзқарасын, эстетикалық талғамын қалыптастыруға болады.

1. Әбенбаев С.Ш. *Тәрбие теориясы мен әдістемесі*.- Алматы, 2004.- 62-бет.
2. Өміралиев Қ. *Абай афоризмі*.- Алматы, 1993. - 3-бет.
3. Алтынсарин Ы. *Таза бұлақ*. - Алматы, 1988. - 145-бет.
4. Әбенбаев С.Ш. *Тәрбие теориясы мен әдістемесі*.- Алматы, 2004.- 65-бет.
5. Маргулан А.Х. *Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата, 1988. – С.83.*
6. Әбдіғапбарова Ұ.М. *Қазақтың ұлтық ою-өрнектері*.- Алматы: Өнер, 1999. - 7-бет.

## Резюме

Автор статьи подчеркивает важность значения казахского национального прикладного изобразительного искусства в воспитательном процессе.

Уроки изобразительного искусства в начальных классах помогают формированию эстетического вкуса школьников.

## Summary

Article is devoted to educational value of the Kazakh national applied art. Use then for art lessons in primary school helps create the aesthetic taste of pupils.

## КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛКТЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

**Н.Е.Ажитаев –**

*«Графика және дизайн» кафедрасының оқытушысы,  
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі заман жаппай ақпараттандыру талаптарына байланысты компьютерлік графика бейнелеу өнерінің заңдылықтарын зерттеу барысында, көркем шығармашылықта көрініс тапқан бейнелеу, сәндік-қолданбалы және дизайнерлік өнер түрлерін жасау үрдісінде де негізгі құралдың бірі болып саналады. Компьютерлердің технологиялық мүмкіндіктері олардың құнды графикалық мүмкіндіктерімен, бейнелі ренктерімен, кеңістік формаларын екі немесе үш өлшемдегі көрнекілікпен бейнелеудегі қабілетімен белгіленеді. Жасалған өнімдердің кәсіби түрғыда да, жалпы білім беру түрғысында да маңызы зор, өйткені ол студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту міндеттерімен өзара тығыз байланыста жүзеге асады.

Қазіргі ғаламдану процесіне сәйкес бәсекеге қабілетті, жаңа қоғамға бейімделген жеке тұлғаға деген сұраныс болашақ маманың жан-жақты дамыған, біліктілігі жоғары деңгейде қалыптасуын көздейді. Болашақ маманың кәсіби біліктілігін қалыптастыру туралы мазмұндалған отандық, ресейлік ғалымдардың енбектері мен әлеуметтік, философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасаудың нәтижесі қазіргі бұл проблемалардың өзектілігі бүрынғыдан да арта түскенін көрсетті.

Қазіргі кезде компьютерлік графика мүмкіндіктерін үрету арқылы студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастыру қоғамды дамытудың бірден-бір құралына айналып отыр. Сондықтан да оны іске асыру қоғам үшін маңызды алғы шарттардың бірі болып есептеледі.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін ақпараттандыру стратегиясының негізгі бағыттарының бірі – XXI ғасыр білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры болғандықтан бұл проблема зерттеу жұмысының